

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қыркүйектегі N 843 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Марат Мұханбетқазыұлы Тәжин Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісімге қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2007 жылғы 26 қыркүйектегі

N 843 қаулысымен

мақұлданған

жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломатиялық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім

Бұдан әрі»"Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бразилия Федеративтік Республикасының Үкіметі, екі жақты қарым-қатынасқа жәрдемдесуге тілек білдіре отырып, қазіргі бар достық қатынастарды нығайтуға деген ұмтылысты назарға ала отырып және бір Тарап мемлекеті азаматтарының екінші Тарап мемлекетінің аумағына сапарларына жәрдемдесу мақсатында, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар Тараптардың бірі мемлекетінің және екінші Тараптың мемлекеті аумағында тіркелмеген азаматтары осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келу, кету және транзитпен өту үшін визалық талаптардан тоқсан (90) күннен аспайтын кезеңге босатылады.

2-бап

Тіркелінетін мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдық мекемесінің жазбаша сұрау салуы негізінде қабылдаушы мемлекеттің құзыретті органдары болу мерзімін ұзартуға рұқсат бере алады.

3-бап

Дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдық мекеменің қызметкерлері болып табылатын және жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар әрбір Тарап мемлекетінің азаматтары, сондай-ақ олармен бірге тұратын және жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар отбасы мүшелері өздерінің тағайындалу немесе іссапарға жіберілу мерзімі ішінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына визасыз келе алады, онда бола алады және кете алады.

4-бап

Осы Келісімнің 1 және 3-баптарында аталған паспорттары бар әрбір Тарап мемлекетінің азаматтары халықаралық қатынастар үшін ашық шекараны кесіп өтудің барлық өткізу пункттері арқылы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады және кете алады.

5-бап

Екінші Тараптың мемлекетінде Дипломатиялық қатынастар туралы 1961 жылғы 18 сәуірдегі Вена конвенциясында немесе Консулдық қатынастар туралы 1963 жылғы 24 сәуірдегі Вена конвенциясында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттерді иемденбейтін Тараптардың бірі мемлекетінің азаматтары осы екінші Тарап мемлекетінің аумағында болуы кезінде оның ұлттық заңнамасын сақтауға міндетті.

Тараптар шетел азаматтарының келуіне, кетуіне, транзитпен өтуіне және болуына қатысты өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларындағы кез келген өзгерістер туралы бір-бірін хабарландырады.

6-бап

Тараптардың әрқайсысы қабылдаушы мемлекеттің аумағында болуы қолайсыз деп танылған, екінші Тарап мемлекеті азаматының келуінен бас тарту, болу мерзімін қысқарту немесе тоқтату құқығын сақтайды.

7-бап

Тараптар осы Келісімде көрсетілген жарамды дипломатиялық және қызметтік паспорттардың үлгілерімен осы Келісімге қол қойылған күннен бастап отыз (30) күн ішінде дипломатиялық арналар арқылы алмасады.

Жаңа дипломатиялық және қызметтік паспорттарды енгізген немесе қолданыстағы паспорттар өзгерген жағдайда, Тараптар оларды қолданысқа енгізгенге дейін кемінде отыз (30) күн бұрын аталған паспорттардың үлгілерін дипломатиялық арналар арқылы бір-біріне жолдайды.

8-бап

Тараптардың әрқайсысы қауіпсіздікті және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің қолданылуын ішінара немесе толық уақытша тоқтата тұру құқығын сақтайды.

Екінші Тарап осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын дипломатиялық арналар арқылы хабарланады.

Бұл ретте оның қолданылуының тоқтатыла тұруы осы Келісімнің 1 және 3-баптарында көрсетілген, екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген азаматтардың құқықтық жағдайына ықпал етпейді.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар қосымша хаттамалармен ресімделеді және оның ажырамас бөліктері болып табылады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап отыз (30) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын Тараптардың бірі алған күннен бастап үш (3) ай өткенге дейін күшінде қалады.

2007 жылғы "_____" қыркүйекте Бразилиа қаласында әрқайсысы күші бірдей қазақ, португал, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Үкіметі үшін

Б р а з и л и я
Федеративтік Республикасының
Үкіметі үшін